

Келелі кеңесте өзекті мәселелер қаралды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамыту жөнінде берген тапсырмасының орындалуы туралы айта келіп, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов өзекті мәселелерге тоқталды.

Бұл іс-шараға Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының өкілі, Бас прокурордың орынбасары және мүдделі ведомстволардың туризм және спорт, көлік, экология және табиғи ресурстар, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерінің өкілдері қатысты. Кеңестегі басты

назар – инженерлік-құрылыс жобаларын аяқтау және курорттық аймақты дамытудың Кешенді жоспарын әзірлеу мәселесіне аударылды.

Жиынды ашқан облыс әкімі Мемлекет басшысы айтқан тапсырмаларды орындаудың маңыздылығын атап өтті. Іс-шара барысында Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамытудың бойынша Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы туралы айтты. Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамыту және танымал ету перспективалары туралы ҚР Туризм және спорт

Президенттің Іс басқарушысының орынбасары Рустам Баялиев Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамыту бойынша Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы туралы айтты. Щучье-Бурабай курорттық аймағын дамыту және танымал ету перспективалары туралы ҚР Туризм және спорт

вице-министрі Ержан Еркінбаев айтты берді. Ол сондай-ақ, аймақтың туристік индустриясындағы ағымдағы және жоспарланған іс-шаралар туралы есеп берді.

Көлік вице-министрі Талғат Ластаев курорттық аймақтың көлік инфрақұрылымын дамыту аспектілеріне егжей-тегжейлі тоқталды. Ведомствоның жоспарында – жолаушылар маршруттарының санын екі есеге, оның ішінде әуе және теміржол тасымалдарының санын ұлғайту жайы қарастырылған.

Ақмола облыстық туризм басқармасының басшысы Андрей Подгурский курорттық аймақты

дамыту жоспарының үш кезеңі аясында жүзеге асырылып жатқан инженерлік инфрақұрылым жобаларының мәртебесі туралы хабарлады. Сонымен қатар, Бурабай кентінде инфрақұрылымдық желілерді жүргізу, су құбырлары мен жылу желілерін жаңғырту жағдайын кеңінен баяндап берді.

Спикерлер сондай-ақ, курорттық аймақтың көлік инфрақұрылымын дамыту және цифрлық технологияларды енгізу, туризм саласының инвестициялық әлеуеті, экологиялық тұрақтылық және қоғамдық жауапкершілік туралы талқылады.

– Бізге курорттық аймақты

дамытудың жаңа кешенді жоспарының негізін құрайтын тұжырымдамалық жаңа тәсіл мен нақты іс-әрекеттер қажет. Бурабай тек Қазақстанда ғана емес, басқа елдерде де танылатын туристік брендке айналуы тиіс, – деп атап өтті өңір басшысы Марат Ахметжанов.

Кеңес соңында Щучье-Бурабай курорттық аймағының елдің жетекші туристік кластері ретіндегі позициясын одан әрі нығайту үшін алға қойылған жұмыс бағыттары мен жүктелген міндеттерді іске асырудың нақты мерзімдері айқындалды.

«Арқа ажары».

Міндеттерді орындауда жүйелілік қажет

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Парламенті Сенатының Әлеуметтік және ғылым комитетінің мүшесі Талғат Тұрлыбекұлы Жүнісов Буланды ауданына жұмыс сапарымен келіп, аудандағы маңызды мәселелермен танысып, елді мекендерге ат басын тіреді.

Жұмыс сапары барысында Талғат Тұрлыбекұлы аудан әкімі Ардақ Смаилов және аудандық мәслихат төрағасы Нұрбек Сексеновпен бірге Капитоновка, Иванковка ауылдарындағы су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға арнап салынып жатқан үйлердің құрылыс барысымен танысты. Баршаңызға белгілі болғандай, қазіргі таңда жұмыс қарқынды деңгейде өтіп жатыр, себебі солтүстік өңірінің жылы мезгілі қысқа болғандықтан, ауа-райының қолайлығын талап ететін жұмыстарды уақытында орындау абзал. Осыған орай, жұмысты жетілдірген қай жаққа болмасын жағымды жайт. Сенат депутаты құрылыс жұмыстарының сапасы және мерзімге сәйкестігі мәселелерін ауданның жергілікті атқарушы билік өкілдеріне, депутаттық корпусына және қоғам белсенділеріне бақылауды ұсынып, жобаның маңыздылығына тағы да бір мәрте тоқталды. Бүгінгі таңда еліміздің көптеген өңірлерінде аталмыш құрылыс өтіп жатқаны баршамызға мәлім, ал бұл мәселе тікелей Президенттің назарында екенін естен шығармаған жөн, сондықтан, бақылауды күшейту – жақсы нәтиженің кепілі екені сөзсіз. Сондай-ақ, әрбір бастаған істе, шешіліп жатқан мәселелерде, орындалып жатқан міндеттерде жүйелілік қажет, себебі әрбір істің нақты алгоритмі, жоспары мен сатылары болса, көрсеткіштер арта түспек.

Қазіргі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі, әрине, өсіп жатқан егіннің жағдайы. Шыны керек, биылғы жылы ауыл шаруашылық өкілдері, оның ішінде егін шаруашылығымен айналасатын жерлестеріміз үшін егін салу науқаны үлкен қиындықтармен өтті. Басырмай жауған нөсер жауын жұмыстардың ойдағыдай аяқталуына теріс әсерін тигізбей қоймады. Дегенмен, егін егілді. Талғат Тұрлыбекұлы ауыл-аймақтағы сапарын Вознесенка ауылындағы

“Фирма Нанар” ЖШС-нің егістік жерлерін көруімен жалғастырды. Жазық даланың басында ауыл шаруашылық саласына қатысты бірқатар мәселелер ортаға салынып талқыланды. Дәл осы күні сенатор Вознесенка ауылындағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан ауылдық жалпы білім беретін мектепті аралады. Білім ошағында ауыл мұғалімдермен кездесіп, білім саласындағы өзекті мәселелер төңірегінде әңгіме өрбіп, педагогика саласының қызметкерлері өздерінің ауылға қатысты мұң-мұқтажын депутатқа жеткізді.

Жұмыс сапары соңында Талғат Тұрлыбекұлы бұландылықтарға шыдамдылық пен еңбекқорлығы үшін алғысын білдіріп, ең бастысы денсаулық, жұмыстарында сәттілік пен мәселелердің оңтайлы шешілуін тіледі.

А. АМАНЖОЛОВА.

Системность – основа достижения результата

Депутат Сената Парламента РК, член Общественно-научного комитета Сената Талғат Тұрлыбекұлы Жунусов побывал с рабочим визитом в районе, ознакомился с важными социальными проектами, реализуемые в районе, побывал в сельских округах.

В ходе рабочего визита Талғат Тұрлыбекұлы, вместе с акимом района Ардаком Смаиловым и председателем районного маслихата Нурбеком Сексеновым, ознакомился с ходом строительства домов, возводимых для пострадавших от паводков граждан в селах Капитоновка и Иванковка. Как вы все знаете, сейчас работы идут в активном режиме, поскольку теплый сезон в северном регионе короткий, поэтому работы, требующие благоприятных погодных условий, лучше проводить



во время. Завершить в срок строительные работы, зависящие от благоприятной погоды, выгодно всем: и подрядной организации, и местной власти, и, несомненно, населению. Проконтролировать качество строительных работ и соблюдение сроков депутат Сената рекомендовал представителем местной исполнительной власти района, депутатскому корпусу и общественным активистам, а также еще раз подчеркнул важность данного проекта. Мы все знаем, что строительство домов для пострадавших ведется во многих регионах страны, и не следует забывать, что этот вопрос находится под непосредственным вниманием Президента, поэтому усиление контроля – залог хороших результатов. Также необходима последовательность в каждой начатой работе, решаемых проблемах, выполняемых задачах, ведь если для каждой работы будет четко выверенный алгоритм действий, план и этапы, показатели будут эффективными.

Одна из актуальных тем на сегодняшний день – это, конечно же, ситуация с урожаем нынешнего года. В этом году посевная кампания для пред-

ставителей сельского хозяйства, в том числе и нашим соотечественникам, занимающимся сельским хозяйством, была сложной. Осадки в период проведения весенне-полевых работ оказали негативное влияние на завершение работ. Талғат Тұрлыбекұлы продолжил рабочий визит в район посещением полей ТОО «Фирма Нанар» в селе Вознесенка. На полевом стане обсудили ряд вопросов, связанных с сельским хозяйством.

В тот же день сенатор посетил общеобразовательную школу в селе Вознесенка, в которой в настоящее время производится второй этап капитального ремонта. Гости встретились с учителями, поговорили о текущих проблемах в сфере образования, а работники педагогической сферы озвучили депутату насущные вопросы, связанные с селом.

В завершение рабочей поездки Талғат Тұрлыбекұлы поблагодарил жителей села за терпение и трудолюбие, а главное, пожелал буландыңнам успехов в работе, крепкого здоровья и позитивных решений насущных вопросов.

А. АМАНЖОЛОВА.
Фото А. КАЛИЕВОЙ.



ӨЗЕКТІ ТАҚЫРЫП

АЭС салып жатсақ, құрылысты бастамай тұрып Балқаштың суын зерттейміз

Астана. KAZINFORM – «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Тимур Жантинкин агенттік тілшісіне берген сұхбатында Өзбекстан мен Қазақстанның АЭС салу ісіндегі мүмкіндіктерін салыстырып, Үлкен кентінде жоспарланған жобаның Балқаш көліне әсері туралы пайымдарын айтты.

- АЭС салу туралы сөз шықса, жақтаушылар келешекте Қазақстанда энергия тапшылығы болатынын алға тартады. Ол тапшылықтың мөлшері белгілі ме? Нақты есептер немесе болжамдар бар ма?

- Әрине, болжап айту қиын. Біз 2018 жылы өз жобамызға техникалық-экономикалық негіздеменің бірінші бөлімін жасаған кезде 2030 жылға қарай энергия тапшылығы қалай өрбитінін модельдеп шығардық. Қазақстандағы энергетикалық жүйені дамытудың түрлі нұсқалары есептелген. Сол кезде біз оңтүстік аймақтардағы энергия тапшылығы 2,7 ГВт болатынын болжадық. Осы санды бағдар қылып, қуаты 1200-1400 МВт болатын екі блок салуды ұсындық.

- 2,7 ГВт тапшылыққа қай жылы тап келуіміз мүмкін сонда?

- Қазір ол цифрлар өзгерген шығар деп ойлаймын. Біз 2018 жылы жасаған модель әлдеқайда оптимистік көзқараспен жасалған болып шықты. Ол кезде пессимистік сценарий сондай болып көрінген. Ал қазіргі болжамдардың тапшылығы одан әлдеқайда жоғары сияқты.

- Энергия тапшылығын реттеудің түрлі жолы бар ғой. Неге АЭС-ке байланып отырсыздар?

- Біріншіден, тоқсаныншы жылдардың өзінде-ақ Балқаш АЭС-нің алғашқы жобасы болған. Ол кезде электр қуатын өндіруді әртараптандыру мақсаты болды. Өйткені, біздегі электр өндірісінің 70 пайыздан астамы көмірге тиесілі. «Қара ақу» деген термин бар ғой. Ешкім болжап білмеген, кенеттен әлемнің әрі қарайғы дамуына өзгеріс енгізген құбылыстың бірі қазіргі экологиялық талаптар деуге болады. Көмірсутек қолданысын шектеу туралы конвенциялар бар. Бұл талаптар энергия өндірісін ғана емес, бүкіл индустрияны «жасылдандыру» талабын туындатып отыр. Қазақстандағы атом энергетикасына деген сұранысты өндірісті жасылдандыру трендтері күшейтіп отыр. Ал тоқсаныншы жылдары электр қуатының өндірісін неге атом өнеркәсібі арқылы әртараптандыруды көздедік дегенге келсек, бізде бұл сала жақсы дамыған. 2009 жылдан бері уран өндіруден бірінші орында тұрмыз. Уран қоры бойынша Аустралиядан кейін екінші орындамыз. Үшінші жыл қатарынан ядролық отын өндіріп келеміз. Бізде тіпті жұмыс істеп тұрған атом реакторлары бар. Ол жерде мамандар бар деген сөз. Ядролық реакторларды тізгіндеген жігіттер бар, яғни мұның бәрі біздің елде атом стансасы түйткілсіз жұмыс істей алатынын көрсетеді.

- АЭС салынғаннан кейін елдің энергетика жүйесі қалай өзгереді?

- Егер АЭС біз ұсынып отырған Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік аудандық электр стансасының алаңында салынса, жалпы елдегі энергетикалық жүйенің тұрақтылығы айтарлықтай жақсарары. Бұл аумақ – электр қуатын тұтынудың орталығы, солтүстік-оңтүстік электр желісінің тең ортасы.

Сондай-ақ, бұл энергетикалық тәуелсіздік, энергетикалық қауіпсіздік, мәселелерін шешеді. Көмірсутек көздеріне қаржы тарту мәселесіне тап келіп жатқанымызды ескерсек, көмірден алына-тын қуат көздерін қысқартуға мәжбүрміз деген сөз. Оны немен алмастыра аламыз? Әрине, атоммен. Басқа жолы да жоқ.

- АЭС Үлкен кентінде салынса, Балқаш көліне әсері қалай болады?

- Атом энергетикасы қоршаған ортаға ешқандай шығарынды тастамайтынын ескерсек, экологияға тек жағымды әсері болады. Балқаш көліне ешқандай әсері болмайды. Қазір Балқаштың суымен реакторды суытады деушілер көп. Реактор судың көмегімен суытылмайды. Реактор деген – көмір қазандығы сияқты. Көмір жағатын жылу қазандығының орнына реактор қойылды деп елестетуге болады. Бүкіл жұмысы жылу стансасындағы сияқты. Реактордың турбинасы емес, конденсатор суытылады. Конденсатор турбиналардан кейін орналасады. Көмір стансасында да, газ стансасында да, атом стансасында да бір принцип.

- Балқаштың тартылу қаупін ескермейсіздер ме?

- Балқаштың тартылу қаупі – бізге қойылатын сұрақ емес. Біз конденсаторды суытуға жұмсайтын су булану есебінен ғана азаюы мүмкін.

Блоктың конденсаторын суытудан буланатын судың жылдық шығыны – 63 млн текше метр.

Балқаштың табиғи булануымен салыстырсақ, 0,3% шамасында ғана. Ал Іленің арнасы мен Қапшағай су қоймасында буланатын суды қоссақ, жылына 20 текше шақырым (20 млрд текше метр) болады, яғни АЭС-тен бұға айналатын судың көлемі онымен салыстырғанда тамшыдай ғана.

Атом стансасы Балқаштың су балансына ешқандай әсер етпейді. Соның өзінде енді бір 100 жылдан кейін көлдің жағдайы қалай болатынына қарауымыз керек. Өйткені біз салсақ деп жүрген станса кемінде 100 жыл жұмыс істейді. Сондықтан Балқаштағы су теңгеріміне климаттың әсері қандай екенін есептеп шығару маңызды. Алдағы 100 жылда стансаның конденсатын суытатын су бола ма, жоқ па дегенді ойластыруымыз керек.

- Ондай зерттеу қашан жүргізіледі?

- Келесі аптада біз Су ресурстары және ирригация министрлігінің адамдарымен бірге Францияға барамыз. Ол жақта су теңгерімін зерттейтін мамандармен кездесеміз, яғни Орталық Азиядағы, соның ішінде Қазақстандағы су ресурстарын басқару жөніндегі жобалар бар.

- Ол зерттеу алдағы 100 жылда Балқаштың су азиятының анықтаса, не істейсіздер?

- Ондай болса, жобаны пысықтаймыз. Стансаның жобасы осы зерттеуге байланысты болады. Көлдің су қоры қай кезеңде қанша болатынын нақты зерттеуіміз керек. Оның бәрі жобаға енгізіледі.

- АЭС салынса, тұтынушылардың электр қуатына төлейтін тарифі өзгере ме?

- Өзгеріс болады деген болжамдар бар. Өйткені энергетика жүйесіне кез келген жаңа қуат көзі қосылғанда генерацияның өзіндік құны көтеріледі. Кейінгі 30 жылдан астам уақыт бойы тарифті қолдан ұстап отырғанымызды, оның бәрі тұтас энергетика жүйесіне кері әсер етіп жатқанын білетін шығарсыз. Жүйені жаңарту, ескірген тұстарын жөндеу, осының бәріне ақша табу керек.

- Тариф шамамен қаншаға өсуі мүмкін?

- Біз генерацияның өзіндік құнын есептей аламыз. Ең қатаң шарттармен алғанда 1 кВт/сағ электрдің құны 6-дан 12 центке дейін қымбаттауы мүмкін. Жобаның қаншалықты қымбатқа түскені де тарифтен көрініс табады. Бастапқы есеп бойынша, екі энергетикалық блоктың құны 11-12 млрд доллар болуы мүмкін. Бұл жерде стансаны пайдалануы шығындары мен қалдықтарды өңдеу шығындарын ескеруіміз керек. Мұның бәрі генерацияның өзіндік құнына қосылады. Мұндай есептер жүргізілді, қаржылық экономикалық модельдер құрылды. Генерацияның өзіндік құны қалай болатыны бірінші кезекте жобаны қандай көзден, қандай негізде қаржыландыратынымызға байланысты.

Ақшаны неше пайыздық мөлшерлеменен аламыз, оны қашан қайтарамыз, қаржыландыру шарттары қандай? Қалған шығындары оның қасында елеусіз деуге болады.

- Қазақстанда АЭС салғысы келетін вендерді қандай өлшемшарт бойынша іріктеу көзделіп отыр?

- Біз «3.3+» буынына жататын, оның өзінде сенімді технология екенін уақыт көрсеткен, 50 жылдан астам уақыт бойы ешбір ақаусыз жұмыс істеп келе жатқан жобаларды ғана іріктедік. АЭС десе, Чернобыльді еске алатындар бар. Ол енді қуаты орасан арналық реакторлар ғой. Біз ондай типті мүлде қарастырмай да жоқпыз. Ал Фукусимаға келсек, ол «2» буындағы реактор болатын. Ал біздің таңдап отырғанымыз «3.3+» буыны.

Екінші өлшемшарт коммерциялық жағы мен стансаға қандай отын пайдаланатынымызбен байланысты, яғни қазақстандық отын жағу керек деген талап қойып отырмыз. Өйткені жобаның қызмет ету мерзімі 60 жылдан 100 жылға дейін деп көрсетіліп отыр. Осы 100 жылдың көлемінде өз ядролық отынымызды пайдалануымыз керек.

- Үміткер елдер бұл талаппен келісіп отыр ма?

- Келісіп отыр. Бұл стансаға жұмсалатын уран соншалық бір көп емес, яғни таласатындай зор нарық емес. «Ақша сіздікі болғандықтан, қандай қалауыңызды да орындаймыз», - деп отыр.

- Бұл сұрақты сізге журналистің бәрі қойып жүр ғой. Сонда да айтыңызшы, түптің түбінде бізге қандай технологиямен АЭС салу тиімді әрі қауіпсіз болар еді?

- Біз су ішіндегі су атом реакторын таңдап қойдық. Қауіпсіздік мәселесінде бір проблема болған. Сол проблема аздап шешілмей жатыр деуге болады – қуаты өте орасан. Біз салсақ деп отырған 1200-1400 МВт-тық атом реакторын Қазақстанның энергетика жүйесіне кіріктіру оңай шаруа емес. Тепе-теңдікті сақтау, апаттық



сәтсіздіктер кезінде тұрақтылықты қамтамасыз ету сияқты мәселелер айқын емес. Бірақ оның бәрін шешуге болады. Ең оңтайлы жолын табу керек.

Қазақстанның жүйесіне шағын қуатты реакторлар жақсы келер еді. Мысалы, тоқсаныншы жылдары 640 МВт-тық су ішіндегі су атом реакторын салмақшы болдық. Қазір шағын модульдік реакторлар сәнге шыға бастады. Ал біз 2000 жылдардың басынан бері бұл тақырыпты зерттеп келе жатырмыз. Ақтауда Маңғыстау атом энергетикалық комбинатының алаңында АЭС салуға бағытталған

- Өзірге экспорт туралы ойлап отырған жоқпыз. Әуелі өзіміздегі тапшылықты жою керек. Тапшылықты жойғаннан кейін де артылатын энергия болады деп күту дұрыс емес. Энергетикалық тұрақтылық болу үшін үнемі уақыттың алдында жүріп отыру қажет. Сонда ғана индустрия дамиды. Ал тапшылықтың соңынан ілесіп отырсақ, индустрия дамымайды.

- Іргеміздегі Өзбекстан АЭС салуға кірісіп кетті ғой. Олардың аяқ алысынан қандай сабақ алып жатырсыздар?

- Өзбекстан бұл жағынан алға кетіп қалды.



жоба болған. Ол жерде 300 МВт-тық екі блок орнатпақ болғанбыз. Қазір әлемнің шағын модульді реактор деп жүргені сол. Бұл істе біз жер шарының алдына шығып кеткенбіз. Осының бәрін ескерсек, шағын модульді реакторларды да есептеп шығарған жоқпыз. Біздің компания осы технологияны ұсынушылармен серіктестік жөнінде меморандумға қол қойды. Өте сезімтал ақпараттарды алмасумен байланысты басқа да құжаттар бар. Бұл америкалық компаниялардың бірі NuScale Power. Екіншісі – General Electric. Бұл жапон-америкалық бірлескен кәсіпорын болып есептеледі.

- АЭС салынып жатса, оны басқару мен күтіп ұстауға қабілетті мамандар бар ма?

- Біз өзіміздегі реакторларда жұмыс істеп жүрген жастарға үміт артып отырмыз. Маңғыстау атом комбинаты әлі бар ғой. Бірақ оның қызметіне қамтамасыз еткен мамандардың көбі зейнет жасының ар жақ-бер жағында. Дегенмен із бар. Бізде Зерттеу реакторы бар. Оны басқару атом стансасын басқарудан қиынырақ. Түрлік эксперимент жасалатын болғандықтан, қатып қалған қуат мөлшері жоқ. Түрлі қуатқа қойып, басқарып машықтанады.

- Демек, АЭС салынса, басқаратын мамандар өзімізден табыла ма?

- Қазір техникалық университеттерде атом энергетикасының мамандары даярланады. Сол мамандарды іріктеп, бір компания жасақтаймыз. Атом стансасында солар жұмыс істейді. Тек оларды қосымша оқыту керек болады. Өйткені әр стансаның ерекшелігі, құрылғылары, басқару жүйесі, есеп жүргізу тәсілі әр түрлі. Соны меңгеру қажет болады. Біздегі том энергетикасының базалық білім деңгейі жоғары болғандықтан, бұл жағынан қиындық туындамау керек.

- АЭС салынса, артылған қуатты экспорттау мүмкіндігі бар ма?

Олар әр түрлі реакторлар салмақшы. Бірақ Өзбекстанмен технология иелері басқаша сөйлеседі. Саяси тұрғыдан ықпал бар. Атом энергетикасымен бұрын айналыспаған елдер бар. Олармен атом энергетикасын алғаш қолға алған кезден бастап басқаша сөйлеседі. Өйткені елде атом энергетикасы болса, технологиялық деңгейі жоғары болып есептеледі. Бұл – саясат.

- АЭС салу туралы шешім қабылданса, неше жылдың ішінде салынып бітеді?

- Шешім қабылданған күннің өзінде бірқатар заң талабы бар. Қазір Үкіметтің АЭС салынатын орынды анықтауын күтіп отырмыз. Біз Балқаштың іргесіндегі алаңды ұсындық. Үкімет мақұлдаса, зерттеу бастаймыз. Заң бойынша үш алаңды зерттеуіміз керек. Соның ішінде біреуін таңдап, таңдау неге соған түскенін ғылыми тұрғыда негіздеп беруіміз қажет.

Ол жұмыстың бәрін биыл бастауға дайын едік. Тіпті, бюджетке де енгізілген. Бірақ референдумның қорытындысын күтуіміз керек. Референдумнан кейін барып АЭС салынатын орындар зерттеліп, таңдалады. Бұдан кейін технология мен салушы тарапты таңдаймыз. Сол технологияның экономикалық есебін шығарамыз. Техникалық-экономикалық негіздеме мемлекеттік сараптамадан өтеді. Сараптама оң қорытынды берсе, Үкіметке барып қорғаймыз. Осының бәріне 1,5-2 жылдай уақыт кетеді. Үкімет жобаны мақұлдап, қаулы қабылдаса, осыдан кейін ғана құрылысқа кірісеміз. Құрылыс 5 жылдан 10 жылға дейін созылуы мүмкін. Биыл ұйымдастыру жұмыстарын бастап кетсек, 2031 жылға қарай станса іске қосылады деп ойлағанбыз. Қазіргі жағдайды ескерсек, 2032 жылға дейін баруы мүмкін.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

Качество и результативность – основные критерии в работе



норм законодательства государственными органами при предоставлении ими услуг, оценка качества оказания, определение уровня удовлетворенности потребителями услуг, а также создание клиентоориентированной среды и коммуникационного менеджмента. Также было отмечено, что большое внимание следует уделить материально-технической оснащенности государственных учреждений, обязательное укомплектование компьютерной и организационной техникой. При этом, необходимо идти в ногу со временем и уметь работать с инструментами оказания услуг, то есть с информационными системами и базами,

участники семинара делились опытом, разрабатывали практические кейсы. По итогам семинара были выработаны рекомендации по обеспечению доступности и качественными государственными услугами.

Известно, что наиболее востребованные государственные услуги в сфере социальной защи-

щенных за оказание госуслуг). На официальных интернет-ресурсах государственных органов, оказывающих государственные услуги, функционирует раздел «государственные услуги», где размещены Реестр гос.услуг, стандарты, регламенты, перечень государственных услуг, оказываемых гос.органом.

Государственные услуги – одна из форм реализации отдельных государственных функций, осуществляемых в индивидуальном порядке по обращению услугополучателей и направленных на реализацию их прав, свобод и законных интересов, предоставление им соответствующих материальных или нематериальных благ.

Существенным фактором, влияющим на эффективность деятельности органов государственного управления и местного самоуправления, является качество и оперативность оказания ими государственных услуг. Система предоставления государственных услуг в большей степени должна быть ориентирована на интересы потребителя. Перед государственными служащими в свою очередь поставлена важнейшая задача по повышению качества оказываемых государственных услуг.

На минувшей неделе руководитель отдела анализа оказания государственных услуг ГУ «Аппарат акима Акмолинской области» Данагуль Галиоллаевна Жумабек провела обучающий семинар для руководителей и специалистов учреждений, оказывающих государственные услуги.

Следует отметить, что сегодня качество государственных услуг является основным критерием оценки работы государственных органов. Поэтому им необходимо проводить анализ эффективности предоставления государственных услуг и постоянно совершенствовать процесс их оказания.

Семинар явился интересной и эффективной площадкой, на которой были рассмотрены актуальные вопросы, возникающие в процессе оказания госуслуг. Данагуль Галиоллаевна подробно остановилась на таких темах, как нарушение

норм законодательства государственными органами при предоставлении ими услуг, оценка качества оказания, определение уровня удовлетворенности потребителями услуг, а также создание клиентоориентированной среды и коммуникационного менеджмента. Также было отмечено, что большое внимание следует уделить материально-технической оснащенности государственных учреждений, обязательное укомплектование компьютерной и организационной техникой. При этом, необходимо идти в ногу со временем и уметь работать с инструментами оказания услуг, то есть с информационными системами и базами,

которые делают процесс быстрым и результативным. Специалисту, оказывающему госуслугу, необходимы оперативность и сосредоточенность в работе, так как неисполнение сроков, чревато административной ответственностью. Как подчеркнула во время семинара Данагуль Галиоллаевна должный акцент нужно ставить на вопрос проведения прямых эфиров на социальных страницах государственных органов. Так как это эффективный инструмент работы с населением. Был поднят на обучающем семинаре также вопрос о проекте «Тайный покупатель» по вовлечению общественности к процессу противодействия коррупции, выявлению административных барьеров при оказании госуслуг. Руководитель аппарата акима района Самал Аяпбергенова отметила о значимости проекта и о том, что его необходимо широко применять в сфере оказания госуслуг. Ведь это так называемый «Общественный контроль методом «тайный покупатель», который проводится совместно с общественными организациями и гражданскими активистами. Основной целью проекта является вовлечение общественности в борьбу с коррупцией, создание необходимых условий для соблюдения требований законодательства о государственных услугах и предоставления качественных услуг гражданам, а также выявление административных барьеров при предоставлении государственных услуг. Было отмечено, что с момента реализации проекта осуществлены десятки визитов в различные органы и учреждения, выявлено множество фактов недостатков в сфере оказания госуслуг.

В ходе обсуждения вышеперечисленных тем,



ты и социальных программ, сельского хозяйства, ветеринарии и образования. Местными исполнительными органами района ведется планомерная работа: проводятся «прямые эфиры», семинары по разъяснению оказания качественных государственных услуг физическим и юридическим лицам, о возможности их получения через Госкорпорацию и портал «Электронное правительство». В целях доступности и информирования населения по вопросам оказания госуслуг во всех государственных учреждениях размещены стенды с наглядной информацией (стандарты, регламенты, образцы заявлений, Ф.И.О. ответ-

Завершая работу семинара, Данагуль Галиоллаевна отметила, что подобные встречи помогают раскрыть наиболее актуальные вопросы в районах, дают возможность обменяться опытом, услышать компетентный вопрос из первых уст. При этом спикер подчеркнула, что всегда готова и открыта к диалогу, за консультацией по тем или иным вопросам к ней всегда могут обратиться специалисты государственных учреждений. Ведь цель у всех общая – повысить качество и уровень услуг населению, при этом, внести свой вклад в государственную политику.

А. АМАНЖОЛОВА.

Шығармашылық салада мамандар даярлауға 1600-ден астам грант бөлінді.



ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде шығармашылық мамандыққа мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу бойынша отырыс өтті. Талқылауға Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Оқу-ағарту министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің, «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының өкілдері, ЖОО басшылары және т. б. қатысты. Мәдениет және ақпарат министрлігі еліміздің 10 оқу орнында шығармашылық мамандарды даярлайды. Олар 4 жоғары оқу орны, 4 колледж және 2 арнайы мектеп. Кездесу қорытындысы бойынша, 2024-2025 оқу жылына 895 – бакалавриат, 166 – магистратура және 26 – докторантураға білім грантын бөлу туралы шешім қабылданды. Кәсіптік және техникалық білім беру мекемелері арасында 550 бюджеттік орын бөлінді. Бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 50 грантқа артық. Сарапшылар шешім қабылдау барысында ең алдымен еңбек нарығының қажеттіліктерін ескерді. Нәтижесінде музыкалық театр режиссерлеріне, музыкант-шаруаларға, реставратор-суретшілерге және сценари-

стерге деген жоғары сұранысты анықтады. Осыған байланысты жаңа білім беру бағдарламаларын ашып, гранттар санын көбейту арқылы осы мамандықтар бойынша кадрлар даярлауға назар аудару ұсынылды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

* * *

Жыл басынан бері көпбалалы отбасылар 236 млрд теңге жәрдемақы алған

АСТАНА. KAZINFORM – Жыл басынан бері көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақымен орта есеппен 594,8 мың отбасы жалпы сомасы 236,2 млрд теңге мөлшерінде қамтылды, оның ішінде маусым айында 594,8 мың отбасыға 40 млрд теңге мөлшерінде жәрдемақы төленді. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеді.

Бұл мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады.

Төлем мөлшері бала санына қарай есептеліп төленеді және 2024 жылы:

- 4 баласы бар отбасыларға – 16,03 АЕК немесе 59 183 теңге;
- 5 балаға – 20,04 АЕК немесе 73 988 теңге;
- 6 балаға – 24,05 АЕК немесе 88 793 теңге;
- 7 балаға – 28,06 АЕК немесе 103 598 теңге;
- 8 және одан да көп баласы бар отбасыларға – әр балаға 4 АЕК немесе 14 768 теңге мөлшерінде төленеді.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап балалы отбасыларға тағайындалатын мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 7%-ға артқанын атап өтеміз.

Биыл көпбалалы отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге 474,8 млрд теңге қарастырылған.

* * *

Қазақстанда дәрі-дәрмекпен қамту жүйесіне өзгерістер енгізіліп жатыр.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі пациенттердің, мемлекеттік және өндірушілердің мүдделерін ескере отырып, дәрілік заттарға баға белгілеу тетігін қайта қарайды. Дәрілердің сапасын бағалау мен іріктеуде қауіпке бағдарланған тәсіл бойынша және фармацевтикалық өнімді әкелу тәртібінде өзгерістер енгізіліп жатыр. Мемлекеттік органдардың, «Атамекен» ҚР ҰКП, үкіметтік емес ұйымдар мен бизнес-қоғамдастықтың өкілдерін қамтитын фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту жөніндегі ведомстваралық комиссия құрылды. 2024 жылғы наурызда стратегиялық ұсыныстарды әзірлеуге жауапты бейінді департамент құрылды. Сатып алу тиімділігін арттыру үшін Бірыңғай дистрибутор жарамдылық мерзімдерін ескере отырып, тауарларды жоспарлау мен бөлуді автоматтандыратын ақпараттық жүйені енгізді. Бұл есептен шығарылған препараттардың санын азайтады. Бірыңғай дистрибутордың қызметі өндірушілермен тікелей шарттар жасасуға бағытталатын болады, бұл делдалдарды алып тастаудың есебінен дәрі-дәрмек бағасын төмендетуге мүмкіндік береді. Ішкі тергеу жүйелі кемшіліктер мен тиісті бақылаудың жоқтығын анықтады, нәтижесінде Министрліктің жауапты бөлімшелері мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының негізгі басшылары қызметінен босатылды. Қабылданып жатқан шаралар Қазақстан халқын қауіпсіз және сапалы дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етуге, сондай-ақ отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған. 2024 жылдың бірінші тоқсанында ҚР жоғары аудиторлық палатасы ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен оның ведомстволық бағынысты ұйымдарының 2022-2023 жылдардағы қызметіне аудит жүргізіп, дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың бағасын, сатып алуларын, логистикасын, инспекцияларын және қауіпсіздігін бағалауды реттейтін заңнамадағы бірқатар жүйелі кемшіліктерді анықтағанын естеріңізге сала кетейік. Бұзушылықтарды жою үшін жол картасы әзірленіп, бекітілді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі.

АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

ҰБТ-дан 135 балл алған талапты түлек

Шұбарағаш ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің оқушысы Тілеген Төлегенұлы ҰБТ-дан жалпы 140 баллдан 135 балл алды! Бұндай керемет жаңалықты естіген біздің төбеміз көкке жетті десек артық айтпағанымыз болар, себебі, ауылдан шығып, осындай жоғары білімін көрсете білген жас түлек – біздің ортақ мақтанышымыз!

Шұбарағаш мектебінің директоры Иван Рыблер оқушысының жетістігіне дән риза және оның осындай керемет балл алатынына сенімді болғанын жеткізді. Өткені, Тілеген өте алғыр, ақылды, санасы жоғары тұлға. Бастаған істі аяғына дейін апаратын қайтпас ер мінезді жас жігіт. Мектепті үздік бағамен аяқтап, үздік аттестат иегері атанды. Ұлттық бірыңғай тестілеуде негізгі пәндер бойынша математикадан 50 балл және информатика пәнінен 48 балл жинаған. Оқу барысында Тілеген математика және информатика, ағылшын тілі пәндеріне ерекше қызығушылық танытып, олимпиадалар мен байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған. Сонымен қатар, ол ауданның, мектептің намысын қорғайтын қандай да бір бастамалардан бас тартқан емес, шахмат ойындарына да қатысып, жақсы жетістіктерімен қуантқан.

Ауданымыздың талантты оқушысы Тілеген Төлегенұлын Ұлттық бірыңғай тестілеуде жоғары балл алуымен құттықтап, оған алдағы өмірінде ашық жол, сәтті сапар тілейміз. Оқуын жалғастырып, жақсы мамандық иесі атанып, еліміздің дамуына сүбелі үлес қосатын адал азамат болып қалыптасуына тілектеспіз.

Болашағың жарқын, арманың асқақ, жетістіктерің көп болсын, Тілеген!

* * *

Колоссальный результат труда, воли и упорства

Ученик Общеобразовательной школы села Шубарағаш Буландынского района Тлеген Төлегенұлы на Едином национальном тестировании из максимальных 140 набрал 135 баллов! Результаты по профильным предметам: математика - 50 баллов, информатика - 48 баллов.

Такое достижение буландынского ученика, несомненно, обра-

довало весь район, ведь этот факт подтверждает глубокие знания, упорство, трудолюбие и целеустремленность Тлегена уже в таком молодом возрасте.

Директор Шубарагашской общеобразовательной школы Иван Рыблер с огромной гордостью рассказывает о Тлегене – лучшем выпускнике этого года, который с отличием окончил школу и является обладателем аттестата с отличием. Успех Тлегена – это результат неимоверного труда, огромной силы воли, бессонных ночей и постоянного совершенствования знаний. Директор и учителя не сомневались, что Тлеген ответит на максимальное количество вопросов в тестовых заданиях, ввиду его огромного потенциала. Доводить начатое дело до логического конца и уверенно идти к намеченной цели – основная черта в характере Тлегена. При этом его отличают не только способность на высшем уровне изучать основы наук, но и активная гражданская позиция. Тлеген никогда не отказывается от участия в различных проектах, когда на кону стоят авторитет и честь района и школы. Он победитель различных олимпиад и конкурсов по математике и информатике, английскому языку. При этом отлично играет в шахматы, так как природа наделила его стратегическим мышлением, навыками анализа и точных расчетов.

Талантливый выпускник сельской школы готовится стать студентом, ведь для него, несомненно, будут открыты двери многих престижных ВУЗов страны. Поздравляем Тлегена с отличным достижением на Едином национальном тестировании, желаем продолжить образование, стать востребованным и высококлассным специалистом и внести достойный вклад в развитие и процветание страны! Пусть его путь будет широким, светлым, цели достигнуты, а задачи выполнены!

А. АМАНЖОЛОВА.



Нақыл сөз – ақыл сөз

Еңбексіз жанда береке жоқ. Берекесізде мереке жоқ. Ер – өнермен танылады. Өнерліге табиғат бағынады.

* * *

Күңсіз гүл өспейді, білімсіз ұл өспейді.

* * *

Мас болу – өз ықтиярыңмен жындану.

* * *

Талай шарап құйған стақан түбінде пәле жатыр

* * *

Сөйлегенше сөзге сен қожа, сөйлегесін сөз өзі қожа

* * *

Жақсы жер – елдің ырысы, жақсы адам – жанның тынысы

* * *

Әділеттік, ар, ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мәнез, жат қылық – надандықтың белгісі

* * *

Ақылсыз адам айқайлай келеді, жан-жағын жайпай келеді. Ақылды адам жай-жай келеді, жан-жағын байқай келеді

* * *

Мінез – әрбір адамның бет-пердесін көрсетіп тұрған айна

* * *

Күллі жағалтың ішіндегі ең тамашасы – жақсы тәрбие алған

* * *

Ұят жоқ болса – ақылыңның көптігінен не пайда

* * *

Мазасыз жаздан – сақырлаған қыс артық. Пара жеген билерден – қасқыр алған ит артық.

* * *

Пышақтан болған жара жазылады, сөзден болған – жазымайды

* * *

Арттағыны қозғау – ағалық, алдағыны болжау – даналық

* * *

Жақсы басшы елін оздырады, жаман басшы – шілдей тоздырады

* * *

Шешендіктен не пайда – артында сөз қалмаса. Батырлықтан не пайда – халқын қорғай алмаса

* * *

Дүние-мүлік-қазына – күні жетіп тозады. Атадан қалған асыл сөз уақытында озады.

Жалғасы келесі нөмірде.

Кітаптан жазып алған Ермек ҚАРАТАЙҰЛЫ.

Почему со стороны завода идет неприятный запах?

В связи с участием жителями города Макинск по поводу запахов химических отходов ТОО «Макинск завод теплоизоляции» сообщаем информацию, предоставленную руководством предприятия:

«В настоящее время производство работает в штатном режиме, оборудование исправно, поломок, нестандартных ситуаций на предприятии не было.

Профилактические работы проводятся по графику. Строго соблюдаются все технологические и экологические нормы. На предприятии в июне 2024 года проводились проверки по пожарной безопасности и от органов СЭС.

В прошедшие дни наблюдались неблагоприятные метеословия (изменения направления ветра, перепады давления, низкая облачность и т.п.). Это могло привести к тому, что дым от работы производственного

оборудования застаивался у поверхности и дольше рассеивался в атмосфере. Каких-либо сверхнормативных выбросов или других технологических причин, которые могли бы привести к усиленному запаху, не было.

Предприятие продолжает вести усиленную работу по улучшению экологической обстановки и снижению вредного воздействия на окружающую среду. К примеру, были реализованы следующие меры:

Весной 2023 года была привезе-

на и смонтирована на производстве установка по переработке полимеризованных отходов производства от компании «FAS Hansek» (Германия). Это позволило перерабатывать и повторно использовать в процессе производства 4 600 тонн отходов в год.

В настоящее время запущено производство по выпуску бетонных изделий (тротуарная плитка, бордюр, пескоблок) с применением непалимеризованных отходов нашего предприятия.

Это позволит вторично использовать отходы производства.

На стадии заключения находится подписание контракта компанией «Izoteh» (Словения) на изготовление и поставку оборудования для модернизации системы очистки исходящих газов (комплекс «сухой очистки»). Предполагается дата завершения работ и установка оборудования во 2 квартале 2026 года».

Отдел предпринимательства и сельского хозяйства.

Правила оказания государственной услуги «Постановка на учет лиц, желающих усыновить детей»

Учет граждан производится управлениями образования городов республиканского значения и столицы, отделами образования районов, городов областного значения (далее – услугодатель) по месту жительства граждан.

Для получения государственной услуги услугодатель подает через веб-портал «электронного правительства» (далее – портал) услугодателю заявление о постановке на учет лиц, желающих усыновить детей (в произвольной форме) с приложением документов, предусмотренных перечнем основных требований к оказанию государственной услуги «Постановка на учет лиц, желающих усыновить детей».

Перечень документов и сведений, истребуемых у услугодателя для оказания государственной услуги:

1) заявление о постановке на учет лиц, желающих усыновить детей в форме электронного документа, подписанное ЭЦП услугодателя или удостоверенное одноразовым паролем, при регистрации и подключения абонентского номера услугодателя, предоставленного оператором сотовой связи, к учетной записи

портала;

2) электронная копия письменного согласия близких родственников на усыновление ребенка;

3) электронная копия справки о размере совокупного дохода (справка о заработной плате с места работы, о доходах от занятия предпринимательской деятельностью и иных доходах услугодателя и супруга (-и), если состоит в браке);

4) электронная копия справки о состоянии здоровья услугодателя и супруга (-и), если состоит в браке, подтверждающие отсутствие заболеваний в соответствии с перечнем, утвержденным приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 августа 2015 года № 692 «Об утверждении перечня заболеваний, при наличии которых лицо не может усыновить ребенка, принять его под опеку или попечительство, патронат» (далее – приказ № 692) (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов Республики Казахстан под № 12127), а также справки об отсутствии сведений о состоянии на учете в наркологическом и психиатрическом диспансерах

в соответствии с формой, утвержденной приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 18 мая 2020 года № ҚР ДСМ-49/2020 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в области здравоохранения» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов Республики Казахстан под № 20665) (далее – приказ № ҚР ДСМ-49/2020);

5) электронная копия документа, подтверждающего право пользования жилищем услугодателя и (или) супруга(-и) (в случае отсутствия права собственности на жилье);

6) электронная копия сертификата о прохождении психологической подготовки лиц, желающих принять на воспитание в семью детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей.

